



Автор: Мамбетжанова Акнур Зайнуллаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Пайыз

Тақырып: Санның пайызын табу. Пайызы бойынша санды табу

берілген санның пайызын табу;	Санның пайызын табу. Пайызы бойынша санды табу
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.2.34 берілген санның пайызын табу; 5.1.2.36 берілген пайызы бойынша санды табу;
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар санның пайызын таба алады, пайызы бойынша санды таба алады.; Көпшілігі санның пайызын, пайызы бойынша есептер шығара алады. Кейбір оқушылар пайызға берілген мәтін есептерді шығара алады.
Бағалау критерийі	берілген санның пайызын табады; берілген пайызы бойынша санды табады; пайызға берілген мәтінді есептерді шығарады.
Тілдік мақсаттар	Лексика мен сөз тіркестерінің мысалдарын қамтитын тілдік мақсаттарды анықтаңыз. санның пайызын табу және пайызының мәні бойынша санды табуды түсіндіре алады; пайызбен өрнектелген нәтиженің математикалық мағынасын түсіндіре алады; Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер. - пайыздық арттыру; - пайыздық кеміту ; Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: - санның пайызын табу үшін ... керек; - пайызы бойынша санды табу үшін ... керек; - сандардың пайыздық қатынасын табу үшін ... керек.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Құндылықтарға баулу табады;	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	
Пәнаралық байланыс	Геометрия, физика, химия	
Алдыңғы білім	Пайыз туралы түсінікті біледі. Бөлшекті пайызға, пайызды бөлшекке айналдыра біледі.	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	
Сабақтың басы	Сәлемдесу Психологиялық кезең. Оқушылар бір-біріне қысқа сөйлеммен тілек айтады, жинақталады. Үй тапсырмасын тексеру. Ішкі және сыртқы шеңбер әдісі: Оқушылар екі топқа бөліну үшін - Оқушылар ішкі және сыртқы екі шеңбер 1-2 -ге саналады. Балалар өтілген тақырып бойынша сан айтады екіншісі пайызға айналдырады. Сыртқы шеңберде тұрған оқушылар оң жаққа бір адым жасап, алдында тұрған басқа оқушыға пайызды айтады, екіншісі санға айналдырады. Осы процесс әрі қарай жалғаса береді	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Жаңа сабақты түсіндіру үшін оқушыларға келесі проблемалық есепті беремін. Класта 20 оқушы бар. Бүгін сабаққа 5 оқушы келмей қалды. оқушылардың неше пайызы қатыспай отыр? Бұл тапсырманы орындау барысында 100% бір бүтінді беретіндігін еске түсіріп 1 оқушының неше пайызды құрайтынын табамыз. Және санның бөлігі және бөлігі бойынша санды табу тақырыбын еске түсіреміз. $100\%:20=5\%$ бір оқушы 5%-ды береді 5 оқушы $25\% = 0,25 \cdot 1) 20 \cdot 0,25 = 5$ санның бөлігін табу 2) $5:0,25=20$ бөлік бойынша санды табу 3) $5:20=0,25=25\%$ екі санның пайыздық қатынасы Жаңа материалды түсіну үшін келесі әдісті қолдандым Тапсырма орындалып болған соң, оқушылар өзін-өзі смайликтер арқылы бағалайды. “Түсіндім” “Маған әлі көмек” “Тапсырманы (маған бұл керек)” мүлдем тапсырма түсінбедім” түсінікті) Өзін-өзі смайлик арқылы бағалайды. Топқа бөлу (Смарт-бейджик арқылы) “Смарт бейджик”. Әр оқушыға бейджик таратылады. Оның беті ашық болады. Оған оқушы өз аты-жөні мен смайлигі тіркеледі. Топқа отырғаннан кейін әр оқушыға топтан келесі топқа ауысуға мүмкіндік берілетіндігі туралы айтылады. 1-тапсырма оқулықпен жұмыс . Топтық жұмыс. Оқушылар оқулықтағы есептерді шығарады және бір –бірінің дәптерлерін тексереді. Санның пайызын табыңдар: 1) 20, 50, 80, 110 сандарының 50%-ын. 2) 18, 67, 120, 460 сандарының 25%-ын. 3) 200, 300, 500, 800сандарының 10%-ын. Пайыз бойынша санды табыңдар: 1) 5 %-ы 15, 18, 25, 30 2) 10 %-ы 0,5; 9,5; 9,9 3) 40%-ы 44, 88, 122 болатын санды табыңдар 2-тапсырма 1)Жүзімнің 5% -ы қант. 40 кг жүзімнің неше килограмм қант бар? 2) Сыныпта 15 ұл, 18 қыз бар. Ұлдар қыздардың неше пайызын құрайды? 3) Сүт құрамының 8% - і кілегей. 15 кг кілегей алу үшін қанша сүт қажет? Дескриптор. Білім алушы: - Берілген санның пайызын табады - Пайыз бойынша санды табады - Пайызға берілген есептерді шығара алады. Кері байланыс. Бағдаршам әдісі Оқушыларға қызыл, сары және жасыл түсті карточкалар беріледі. Оқушылар: • толықтай түсінсе, сенімді болса ЖАСЫЛ ТҮСТІ; • түсінуге жақын болса, аздап білсе САРЫ ТҮСТІ; • түсінбесе, сенімді болмаса ҚЫЗЫЛ ТҮСТІ көрсетеді. Саралау әдісі. Ойлан, жұптас, бөліс Жеке жұмысқа тапсырма Оқушылардың оқу мақсатына жеткендігін анықтау үшін, келесі тапсырмаларды беремін. 1)берілген санның пайызын табыңдар: 4,2 метрдің, 9,6метрдің 40%-ын; 820 кг-ның, 10 тоннаның 62%-ын; 2)берілген пайызы бойынша санды табыңдар: 11%-ы 19 м-ге тең, 60 м-ге тең, 20%-і 9 кг-ға, 4 кг-ға тең шамаларды. 3)Балмұздақтың 60%-ы су, 2,5 кг балмұздақ дайындау үшін неше грамм қант керек? 4)Құлпынайдан қайнатылған тосаптың 30%-ы құлпынай, қалғаны қант. 8 кг құлпынай тосабының неше килограммы қант? 5) Тік төртбұрыштың ені 10 см, ұзындығы одан 75 %-ға ұзын. Тік төртбұрыштың ауданын табыңдар. Дескриптор. Білім алушы: - Берілген санның пайызын табады - Пайыз бойынша санды табады бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табады; - Пайызға берілген мәтін есептерді шығара алады	
Сабақтың соңы	Рефлексия «Егер 5 минутыңыз болса ...» Сабақ соңында оқушыларға стикер таратылып, осы сабақтан алған пайдалы әсерлерін, тиімді жақтарын және түсінбеген жақтарын стикерге баяндап жазады. Сойлем “- Егер менің 5 минутым болса...” деп басталуы шарт. Үйге тапсырма: Пайызға есептер құрап келу.	